

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 301

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚҰРУ МЕН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ержанов М.

Мобильді техниканы қолдану арқасында мобильді қосымшалардың көмегімен уақытыңызды үнемдеп үйден шықпай-ақ көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Мобильдік қосымшаларды қолдану кез-келген адамның танымдық белсенділігін арттыру, ойлау жүйесін қалыптастыру, техникаға деген сауаттылығын мен шығармашылық табысқа жетуіне жағдай туғызады. Мобильді қосымшалар арнайы смартфондармен және де басқа мобильдік құрылғыларға негізделіп жасалынған. Бүгінгі таңда мобильды техниканы құрастырушы екі үлкен мобильді компаниялар: Samsung және Apple нарықта көш бастап тұр.

Ең алғашқы мобильді құрылғылар телефондағы контактілер тізімін реттеуге және қызметке хабарлама жіберуді және қабылдау қызметтерін орындады. Бұрынғы телефондардың қызметі тек қана қоңыраулар контактісін қабылдау және шығару, sms жазу немесе тарату болса, бүгінгі таңда ғаламтор желісі арқылы көптеген қосымшалардың көмегімен адам өзіне қажетті мүмкіндікті ала алады. Мобильді құрылғылардың басым бөлігі болып табылатын оның бағдарламалық қамтамасыздандыруы[1,3].

Мобильді қосымшаларды интернеттен жүктеу интерактивті процеске қатысушыларды тартып қана қоймай және оны жарнамалау ортасы да бола алды. Мобильді қосымшаларды құруға арналған программалық жабдықтарға тоқталатын болсақ. Мобильді қосымша құру кезінде басты мына операциялық жүйелер қолданылады: Android, iOS, BlackBerry, HP webOS, Symbian OS, Windows Mobile және т.б. Мобильді қосымшаларды құрудың бірнеше бағдарламалары бар. Солардың ішінде ең тиімдісі AppsGeysер бағдарламасына тоқталып өтейік. AppsGeysер сізге 2 оңай қадаммен кез-келген Android App веб-мазмұнды түрлендіруге мүмкіндік беретін тегін веб-платформа.

Адамдар интернетті пайдалану арқылы ақпаратты іздеуіне байланысты Google Play қосымшасы даму үстінде. Android пайдаланушылар үшін ақпаратты алуға немесе қызметті пайдалануға браузерден гөрі бағдарламаларды қолданған оңай және ыңғайлы. Google Play ортасына өз бағдарламаңызды жібере отырып, оны миллиондаған пайдаланушылар қол жетімді түрде оңай таба алады. AppsGeysер көмегімен сіз өз Android App бағдарламаңызды тез жасай аласыз. Ол үшін сізге кодтауды немесе оның қалай жасалатыны туралы білудің қажеті жоқ[2,3].

Жай жеңіл екі қадамды орындай отырып, сіздің қосымшаңыз жұмыс істеуге дайын болады. Қорыта келгенде, мобильді құрылғылар заман талабына сай ақпарат таратудың жаңа үрдісі болып отырған планшет пен смартфондар тек қана ойын – сауық жай қолданыс құралы ғана болмай студенттеріміздің білім деңгейінің сапасын артуына пайдалы болатынына сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Варакин М.В. - Разработка мобильных приложений под Android – УЦ «Специалист» 2012 г.-592с
2. Варакин М.В. - Разработка мобильных приложений под Android – УЦ «Специалист» 2012 г.-592с
3. Y. Chahibi A Molecular Communication System Model for Particulate Drug Delivery Systems // *IEEE Trans. Biomedical Engineering*, vol. 60, no. 12, pp. 3468-83, 2013.

Ғылыми жетекші: Нургазинова А.Ж.